

Келісемін Амангалиева

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы

Әдіскері А.Т. Уразмуханбетова



Бекітемін М.Н. Утешева

«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасы

директоры М.Н. Утешева

№1 педагогикалық кеңесте

27 08 2021 жыл

«Балапан» кіші тобының 2021-2022 оқу жылына арналған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» білім беру салалары бойынша жасақталған ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Амангалиева.А

Досмуханова.Л

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Бірінші кіші топ 2021-2022 жыл қыркүйек айы.

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: Балалардың балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру, топтармен және әр бөлменің қызметтік міндетімен, айналадағы заттармен, ойыншықтармен таныстыру. Балалардың балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру.

Апта тақырыбы	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 2	Шығармашылық- 3
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка 1,5
«Менің балабақшам» I-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Дана қуыршақпен шеңбер құру Мақсаты: Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүруді үйрету. Қол ұстасып, шеңбер құрып тұру дағдыларын қалыптастыру. 2.Тақырыбы: «Кел жүгірейік» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасау дағдыларын қалыптастыру. Түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, бүкіл алаңда жеңіл әрі ырғақты жүгіру білігін 3.Тақырыбы: «Қоян секілді секірейік» Мақсаты: Бір орында тұырып секіруді үйрету жүгіру мен секіру дағдыларын жетілдіру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің балабақша» Мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен, топпен таныстыру. Сөздік қорын айналадағы заттардың атаулары- сөздермен байыту. «Бұл не?» деген сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша- біздің екінші үйіміз» Мақсаты: Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін ояту. Балабақшадағы қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Топтағы жиһаздар» Мақсаты: Балаларды жиһаз түрлерімен таныстыру; оның ішінде кереует жиһазымен жақын таныстыру. Құрылыс материалдарынан кереуетті құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшадағы түрлі- түсті қарындаштар» Мақсаты: Балаларға қылқаламмен көлденеңнен және тігінен сызықтар сызуды үйрету. Жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамға баулу. Музыка : «Менің балабақшам» Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу.

Дене шынықтыру

1.Тақырыбы: «Допты домалатайық»

Мақсаты: Отырып допты бір-біріне домалатуды үйрету. Кедергілерден аттап өту кезінде тепе-теңдікті сақтап, қимыл-қозғалыстарды үйлесімді орындау дағдыларын қалыптастыру

2.Тақырыбы:

«Кел секірейік»

Мақсаты: Кедергілерден аттап өту біліктерін пысықтау, қос аяқпен секіру дағдыларын бекіту

3.Тақырыбы: «Кегельер арасымен жүру»

Мақсаты: Секіру дағдыларын жетілдіру. Екі қатарға қойылған (арасы 30-40см алшақ) кегелілер арасымен допты қос қолмен көтеріп жүруді үйрету қимыл-қозғалыстарды үйлестіру дағдыларын қалыптастыру.

Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар» (сурет бойынша әңгімелеу)

Мақсаты: Балықтар туралы балаларға түсіндіру. Тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту
Қамқорлыққа тәрбиелеу.

Жаратылыстану-

Тақырыбы:

«Тасбаканы бақылау»

Мақсаты: Табиғат бұрышының мекендеушілерін бақылауға үйрету, тасбаканың тіршілік ету ортасы туралы білім беру. Балаларды табиғат бұрышының мекендеушілерін күтуде шамасы келген іс-әрекеттерге баулу.

Сенсорика

Тақырыбы: «Балықты судан аулаймыз»

Мақсаты: Балаларға балықты қармақпен аулап алуды үйрету арқылы қолдың қимыл әрекеттерін дамыту. Түсін, пішінін ажырата білуге дағдыландыру.

Сурет салу

Тақырыбы:

«Балықтар жүзеді»

Мақсаты: Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету. Балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Аппликация

Тақырыбы:

«Тасбақа»

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай отырып, тасбаканың суретін жапсыруға үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Таза, ұқыпты жасауға тәрбиелеу.

Музыка: «Табиғат бұрышындағы тіршілік»

Мақсаты: Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты дамыту.

Дене шынықтыру

1.Тақырыбы:

«Еңбектейік ерінбей»

Мақсаты:Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүруге үйрету.Жіптің (биіктігі 30-40см) астынан еңбектеп өтуге жаттықтыру, қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін, ептілігін дамыту.

2.Тақырыбы:

«Допты шеңберге лақтырайық»

Мақсаты:Жіптің астынан еңбектеп өтуге жаттықтыру.Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру кезінде саусақтарын еркін ашып, алақан бұлшық еттерін дамыту.

3.Тақырыбы: «Менің сүйікті добым»

Мақсаты:Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту;Доғалар астынан еңбектеуді үйрету.

Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы:«Менің сүйікті ойыншығым»

Мақсаты: Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Доппен жақын таныстыру. Доп туралы өлең жаттату. Сөздік қорларын дамыту.

Жаратылыстану

Тақырыбы:«Ойыншықтар көп бақшада»

Мақсаты:Ойыншықтарды топтастырып,оларды сипаттай білу дағдыларын игерту.Балалармен әңгімелесе отырып, ойыншықтардың атын ,түсін, көлемін, пішінін атауға үйрету, оларды сындырмай ойнай білуге тәрбиелеу.

«Құрастыру»

Тақырыбы: «Доп»

Мақсаты:Балаларды дайын екі бөлікке бөлінген доптың суретін текше арқылы құрастыруға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.

Сурет салу

Тақырыбы: «Менің көңілді добым»

Мақсаты: Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді салуды үйрету.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Музыка: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру

«Балабақшадағы жиһаздар»
ІУапта

Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Дана қуыршақпен арқан үстінен секіру» Мақсаты: Доғалар астынан еңбектеп өту іскерліктерін бекіту.Дана қуыршақпен арқан үстінен секірту.Аяқ бұлшық еттерін нығайту 2.Тақырыбы: «Кел секірейік» Мақсаты:Арқан үстінен секіру дағдыларын қалыптастыру.Тартылған жіптен аттап өту біліктерін қалыптастыру.Дене бұлшық еттерін нығайту 3.Тақырыбы: «Допты домалатайық» Мақсаты: Допты бір-біріне лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.	Көркем әдебиет Тақырыбы:«Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі» (Сурет бойынша әңгіме) Мақсаты:Балаларды жиһаз атауларымен таныстыру. (үстел, орындық, керует) Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруды үйрету. Сөздік қорын байыту.	Жаратылыстану Тақырыбы:«Біздің топтың жиһаздары» Мақсаты:Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру.Танымын кеңейту, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.Жиһаздарды ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Жиһаздар» Мақсаты:Балаларға балабақшадағы жиһаздардың атауы түрі, түсі, не үшін қажет екенін айта білуге үйрету, сөздік қорларын молайту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:«Орындық» Мақсаты:Дайын орындықтың суретін ұқыпты бояуға үйрету. Қолдың ұсақ бұлшықеттерінің қимыл-қозғалысын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Үстел» Мақсаты: Балаларды ермексазбен таныстыру.Ермексазды пайдаланып үстелдімүсіндеуге үйрету.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Музыка: «Балабақшадағы жиһаздар» Мақсаты: Баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету,әуендердің бейнелік сипатын түсіну.

Қазан айы

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу. Отбасы туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Апта тақырыбы	«Денсаулық»-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5
«Менің отбасым» I-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Түрлі түсті жіптер» Мақсаты: Гимнастикалық орындықпен жүруге үйрету, керілген жіптің астынан еңбектеп өту және тепе-теңдікті сақтай білу дағдыларын қалыптастыру 2.Тақырыбы: «Жұптасып ойнаймыз» Мақсаты: Велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру, аяқ бұлшық еттерін нығайту. Өз қимылын басқа балалардың қимыл қозғалыстарына сәйкес үйлестіре білу біліктерін қалыптастыру 3.Тақырыбы: «Әдемі жүріп үйренеміз» Мақсаты: Жаттығуларды орындау барысында дене келбетін түзу ұстай білу және тепе-теңдікті сақтай алу дағдыларын бекіту	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Отбасы мүшелері» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Отбасы мүшелері туралы (әке, ана, әже, ата, аға, апа) мағлұмат беру. Әрбір баланың өз жақын адамдары, оның отбасы болатыны жайында түсінік беру. Сөздік қорын дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Сүйікті отбасым» Мақсаты: Отбасы, ата-анасы, атасы және әжесі жайында алғашқы түсінік беру, олардың есімдері мен өзінің есімін есте сақтап бекіту. Өзінің отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Әдемі үй» Мақсаты: Құрылыс материалдары мен текшелерден үй құрастыруды үйрету. Кеңістікті бағдарлай білулерін қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Анама арналған моншақ» Мақсаты: Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке майлы бояумен саусақ әдісі арқылы дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Музыка: «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы жылулығын музыка арқылы сезіндіру. Ән салу дағдыларын жетілдіру.

«Мен анамды сүйемін» Папта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты:Қойылған заттардың арасымен еңбектеуді үйрету, кеңістікте бағдарлай алу және қол мен аяқты үйлесімді қозғай алу дағдыларын бекіту 2,Тақырыбы: «Өсіп келе жатырмыз!» Мақсаты: Сызықтар (арасымен жүгіру дағдыларын қалыптастыру; алақан мен тізеге сүйене отырып төрттағандап еңбектеуді үйрету қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту 3.Тақырыбы: «Менің бақытты отбасым» Мақсаты: Өртүрлі жүру түрлерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Екі қолмен допты домалатуды бекіту, отырған күйі допты бір мезгілде екі қолмен итеру білігін дамыту. Елтілікті дамыту, толеранттылықты, балалар арасындағы жақсы қарым-қатынасты тәрбиелеу.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің анам» (Сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты:Өр баланың анасы бар екенін,анасы балаларын жақсы көріп,оларға қамқор болатыны туралы түсіндіру.Ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.Өз аналарына сүйіспеншіліктерін арттыру.	Жаратылыстану- Тақырыбы: «Анама қонаққа барғанда» Мақсаты:Балаларға отбасы мүшелері туралы түсінік беру.Отбасы бұл бірге тұратын,бірін-бірі сүйетін,бір-біріне қамқор болатын адамдар деген түсінікті қалыптастыру. Сенсорика Тақырыбы: «Орама жіптер» Мақсаты:Тарқатылып жатқан жіптерді жинап орау арқылы қолдың саусақтарының қимыл әрекетін дамыту,қызығушылығын ояту.	Сурет салу Тақырыбы: «Әдемі орамал» Мақсаты:Балалардың орамал туралы түсініктерін қалыптастыру. Орамалдың дайын суретін саусақ әдісі арқылы бояуға үйрету.Әдемілікке тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы: «Тәтті тоқаш» Мақсаты:Балаларды дөңгелек пішінмен таныстыру.Қағаз бетіне дайын пішінді кеңістікті бағдарлай отырып орналастыруға үйрету.Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Музыка: «Мен анамды сүйемін» Мақсаты:Отбасы , ана туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасау.
---------------------------------------	--	--	--	--

Дене шынықтыру
1.Тақырыбы: «Доп»
Мақсаты: Кегельдер арасымен допты көтеріп жүруді үйрету. Допты 50-60см арақашықтыққа лақтыра білуге дағдыладыру.

2.Тақырыбы: «Әдемі жүруді үйренеміз»
Мақсаты: Түзу жатқан арқан үстімен жүруді, заттарды аттап жүруді үйрету, қол мен аяқты үйлестіре қозғау және дұрыс жүріс рефлексін қалыптастыру

3.Тақырыбы: «Ойыншықтар»
Мақсаты: Қойылған заттардың арасында еңбектеуді үйрету, кимыл үйлесімділігін дамытуды жалғастыру. Доптарды 60 см қашықтықтан қақпа (ені – 30 см) арқылы домалата білу дағдыларын қалыптастыру

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Мен тұратын үй» (сурет бойынша әңгімелеу)
Мақсаты: Балаларды өз үйлері туралы әңгімелей білуге үйрету. 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауыз -екі сөйлеу тілдерін дамыту. Бір-біріне деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Әдемі үй»
Мақсаты: Балаларға өздерінің тұратын үйлері туралы түсінік қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін дамытып, ой-өрісін кеңейту.

Құрастыру
Тақырыбы: «Үй»
Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып, үйді құрастыра білуге үйрету.

Сурет салу
Тақырыбы: «Менің үйім»
Мақсаты: Балаларды дайын геометриялық пішіндерден құралған (үшбұрыш, төртбұрыш) үйдің суретін ұқыпты бояуға үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Музыка: Мен тұратын үй
Мақсаты: Күз бейнесін музыка, сюжетті бейнелер арқылы көрсете білу. Музыкаға әсерленуді байыту. Көңілді-көңілсіз музыканың интонациясын ажырата білу

Дене шынықтыру

1.Тақырыбы: «Бақта сүйкімді тиінмен ойнаймыз»

Мақсаты: Тепе-теңдекті сақтап, арқан үстімен жүруге үйрету. Алақанмен, табанмен тіреп, аяқ-қол қимылдарын үйлестіріп, алаңы шектеулі таянышпен еңбектеу білігін бекіту. Жалпы төзімділікті, ұйымшылдықты дамыту.

2.Тақырыбы: «Айна қуыршақпен ойнаймыз»

Мақсаты: Допты алға домалату, қуып жету дағдыларын қалыптастыру. Құм салған қапшықты шеңберге лақтыру дағдыларын қалыптастыру (50 см арақашықтыққа).

3.Тақырыбы: «Жорға торғайлар»

Мақсаты: Секіру мен жүгіру дағдыларын қалыптастыру бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіруді жалғастыру, аяқтарымен барынша қатты итерілу білігін бекіту. Түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, бүкіл алаңмен жеңіл әрі ырғакты жүгіру білігін бекіту.

Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Әжем айтқан ертегі» (Түлкі мен қоян ертегісі)

Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекет қимылдарды көрсете білуге баулу. Адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Жаратылыстану

Тақырыбы: «Әженің ауылында»

Мақсаты: Отбасы, туыскандар жайлы білімдерін кенейту. Отбасына деген жағымды қарым – қатынастарын дамыту.

Сенсорика

Тақырыбы: «Түрлі – түсті моншақтар»

Мақсаты: Моншақтарды пішіні, көлемі және түсіне қарай жіпке өткізуге үйрету. Саусақ қимылдарын жетілдіру. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Сурет салу

Тақырыбы: «Қоянға арналған сәбіз»

Мақсаты: Қоянға арналған дайын сәбіздің суретін бояй білуге үйрету. Кеңістікті көру арқылы қабылдауын дамыту. Сурет арқылы қызығушылықты қалыптастыру.

Мүсіндеу

Тақырыбы: «Әжем берген құрт»

Мақсаты: Балаларды ермексизден мүсіндеу барысында құрттың пішінін жасау тәсілімен таныстыру. Мүсіндеуде алдыңғы игерілген дағдыларды қолдануға үйрету. Мейірімділікті және көмек көрсетуге деген сезімін тәрбиелеу.

Музыка : «Әжеме қонаққа барғанда»

Мақсаты: Ұлттық би ұғымдарын қалыптастыру

Қараша айы
Өтпелі тақырып «Жомарт күз»

Мақсаты: Жыл мезгілдері, күздегі табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістері мен адам ағзасына жеміс-жидектер мен көкіністер арқылы берілетін дәрумендердің пайдасы туралы таныстыру.

Апта тақырыбы	«Денсаулық»-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5
«Қош келдің алтын күз» I-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Қонжық болып ойнаймыз» Мақсаты: Ирелендеген жолмен жүруді үйрету (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5метр), шектелген беткейде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту. 3 доғаның астынан кезекпен төрттағандап енбектеп өту білігін бекіту, қимыл үйлесімділігін, дамыту. 2.Тақырыбы: «Көңілді жаттығулар» Мақсаты: Допты лақтыруға және тәрбиешіден 80 см арақашықтықтан қағып алуға жаттықтыру, допты бір мезгілде екі қолымен лақтыру, қолдарын жылдам жазу білігін дамытуды жалғастыру 3.Тақырыбы «Түрлі түсті текше» Мақсаты: Алақанына қойылған допты тәрбиешіге лақтыру және допты қағып алуға үйрету. Алшақтатылған текшелердің арасымен енбектеуді үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Тілдік қорын байыту. Табиғатқа қамқорлық жасауға, оны аялауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Берекелі алтын күз» Мақсаты: Күз мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру, әңгімелеу және оларды бақылау. Адамдар үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінік беру. Құрастыру Тақырыбы: «Күзгі жапырақ» Мақсаты: Балаларды текшемен жұмыс жасауға үйрету. Екі бөліктен тұратын жапырақты құрастыра білуге дағдыландыру. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата білуге баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Жапырақтар түсуде» Мақсаты: Сары түсті таңдау арқылы дайын жапырақты бояуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Музыка: «Қош келдің алтын күз» Мақсаты: Әнді табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау

«Жемістер бағында» Папта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Доп» Мақсаты:Допты бір қолмен оңға, солға лақтыру дағдыларын қалыптастыру. (арақашықтығы 50см)Еденде ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүруге үйрету.Дене қалыптарын тік ұстауға тәрбиелеу 2.Тақырыбы: «Шығыршық» Мақсаты:Жүру дағдыларын бекіту,шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіруге жаттықтыру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, өкшеден бүкіл табанға ауыса отырып түсу білігін бекіту. 3.Тақырыбы: «Кел жүгірейік» Мақсаты:Екі аяқпен секіруге жаттықтыру, жерден итерілер кезде табандарын дұрыс қою білігін бекіту, Кегельдер арасымен жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы:Жемістер.Алма Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету.Балаларды сүйіп жейтін жемісі-алмамен жақын таныстыру.Сөздік қорын молайту.	Жаратылыстану- Тақырыбы: «Бақтама, әлде бақшада ма?» Мақсаты:Жемістер мен көкөністер туралы түсінік беру.Оларды ажырата білуге үйрету.Ойын есте сақтау қабілетін дүниетанымын дамыту.Балаларды жеміс ағаштарын қорғап оларға қамқор болуына ықпал етуі үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу. Сенсорика Тақырыбы:«Жемістерді себеттерге саламыз» Мақсаты: Көлемі мен пішініне қарай жемістерді себеттерге салып жинап үйрету арқылы қолдың саусақтарының қимыл әрекеттерін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Тәтті алма» Мақсаты:Дайын алма пішінін майлы бояумен бояуға үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы: «Жеміс шырыны» Мақсаты:Жеміс түрлерімен таныстыру.(Алма, алмұрт) қағазға салынған банка ішіне дайын жеміс суреттерін орналастыруды үйрету.Саусақтың бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Музыка : «Жемістер бағында» Мақсаты: Ел ырзығының қуанышын әнмен, бимен көркемдей білу. Мерекелік көңіл-күй сыйлау.
---	--	--	---	---

«Пайдалы көкіністер» III-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Кел бірге секірейік» Мақсаты:Кегельдердің арасымен жүгіруге машықтандыру,5-10 см биіктіктен секіруге(тақтайдан,кішкентай орындықтан) үйрету.Секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға үйрету 2.Тақырыбы: «Еңбектейік ерінбей» Мақсаты: Биіктіктен секіру(10)секірудің алдында жылжитын кезде бір мезгілде екі аяқпен екпінді итерілу білігін жетілдіру Доғаның астымен еңбектеу кезінде аяқ,қол бұлшық еттерін дамыту. 3.Тақырыбы: «Доп» Мақсаты:Доғаның астымен еңбектеу кезінде алақанмен, табанмен тіреп, аяқ-қол қимылдарын үйлестіріп, еңбектеу білігін бекіту. Доптарды себетке лақтыру тәсілін үйретуді жалғастыру, допты дұрыс алу, қолдарын тез жазу білігін дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Дәмді көкөністер» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты:Балаларды көкөніс туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, көкөністерді түріне қарай дәміне қарай ажырату, сөздік қорын толықтырып, желілі картиналарды қарауға дағдыландыру, баланы танымдық қызығушылыққа тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көкөністер»Мақсаты:Көкөністер,олардың түстері,жинап алатын мезгілі және неге көкөніс деп аталатынын түсіндіру.Көкөністерді сипаттау арқылы сөздік қорларын,тіл байлықтарын дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Сәбіз»Мақсаты:Текшедегі сәбіздің сыңарын табу арқылы құрастыруға үйрету.Саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту.Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы. «Қызанақ пен кияр» Мақсаты:Балаларды қызыл мен жасыл түсті бояумен саусақ әдісі арқылы жолақ салуғаүйрету.Қол моторикасын дамытып, сенсорлық өлшеммен түстерді білуін қалыптастыру. Бояумен жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка: «Пайдалы көкөністер» Мақсаты: Балаларды тазалыққа,әдептілікке баулу. Өзін ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Кішіге қамқор, үлкенге қолқанат болуға тәрбиелеу. Әр түрлі сипаттағы музыка қарқынын, динамикалық реңкін қабылдау.
--	--	--	---	--

«Күз келбеті» IV апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Айна қуыршақты арқан үстімен жүргізу» Мақсаты:Допты лақтыру білігін бекіту.Айна қуыршақпен еденде жатқан арқан үстімен жүруді үйрену .Жалпы төзімділікті, ұйымшылдықты дамыту. 2.Тақырыбы: «Шығыршық» Мақсаты:Жүру дағдыларын бекіту,шығыршықтың ішіне қос ақпен секіруге жаттықтыру,қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру,өкшеден бүкіл табанға ауыса отырып түсу білігін бекіту 3.Тақырыбы: «Қонжық болып ойнаймыз» Мақсаты:Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіруге үйрету, ирелендеген жолмен жүруді үйрету , шектелген беткейде жүру кезінде тепетендікті сақтау білігін бекіту	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» (өлең) Мақсаты:Балаларға өлең жолдары арқылы табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы түсінік беру. Сөздік қорларын кенейту. Тіл байлығын дамыту. Табиғатқа қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану- Тақырыбы: «Күзгі саябақ» Мақсаты:Балаларда табиғаттағы қарапайым байланыстар туралы түсіктерін қалыптастыру. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Көрікті жыл мезгілдері» Мақсаты:әрбір жыл мезгіліндегі түстерді (сары, қызыл, ақ, жасыл) танып атауға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Жаңбыр тамшылары» Мақсаты:Балаларды қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету, жаңбырдың суретін салуда көк түсті менгерту.Сурет салуда ынталы болуға, тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы:«Жапырақ» Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері түсіндіктерін қалыптастыра отырып,ермексаздан күзгі жапырақты мүсіндеуді үйрету. Музыка: «Күз келбеті» Мақсаты: Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Күз бейнесін музыка, сюжетті бейнелер арқылы көрсете білу.
----------------------------------	---	---	--	---

Желтоқсан айы
Өтпелі тақырып «Қызықты қыс мезгілі»

Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді танып, қыс қызықтарын, қыстағы қызықты мерекелер мен ойындарға, табиғат мекендеушілерге, қыстап қалған құстарға танымдық қызығушылығын арттыру. Балалардың Жаңа жылдық мерекеге деген жағымды эмоциясын қалыптастыру.

Апта тақырыбы	«Денсаулық»-3	Қатынас-1	Таным- 2	Шығармашылық- 3
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5
«Алақай қыс келді» I-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Дана қуыршақты аяқ ұшымен жүргізу» Мақсаты: Ұсақ заттарды 1м кашықтыққа лақтыру.(шарды, кішкентай доптарды) лақтыру дағдыларын қалыптастыру, Аяқ ұшымен жүруге үйрету. Аяқ бұлшық еттерін нығайту 2.Тақырыбы: «Адымдап жүрейік» Мақсаты: Аяқ ұшымен жүру біліктерін бектіу. Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру дағдыларын қалыптастыру. 3.Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: Арқан бойымен бір қырындап адымдай жүруді қайталату. Допты екі қолмен 1м кашықтықтағы қақпаға домалатуды үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қыс» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көңілді қыс» Мақсаты: Жылы киініп, шанамен сырғанап, аққала жасайтын көңілді қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. Тақырыпқа сәйкес жұмбақ шешкізіп, балалардың зейінін дамыту. Достыққа тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Қар жамылған бұтақ» Мақсаты: Саусақ қимыл – қозғалыстарын жетілдіру, текшеге бейнеленген қар жамылған бұтақты құрастыра білуге үйрету. Табиғат құбылыстары жайында ой-өрістерін дамыту. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Ақ ұлпа қарлар» Мақсаты: Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Музыка: «Алақай қыс келді» Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау.

Дене шынықтыру

1.Тақырыбы: «Кішкентай доптар»

Мақсаты: Допты домалату біліктерін жетілдіру. Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелендеп жүгіруге машықтандыру. Бір-біріне кедергі жасамауға тәрбиелеу

2.Тақырыбы: «Жалауша»

Мақсаты: доппен ирелендеп жүгіру кимылын қайталау. Жолмен жалаушаға дейін еңбектеуді үйрету. Аяқ, қол бұлшық еттерін дамыту

3.Тақырыбы: «Еңбектейік ерінбей»

Мақсаты: Төрттағандап еңбектеп өту білігін бекіту, кимыл үйлесімділігін, ептілікті дамыту
Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру білігін қалыптастыру. Денені тік ұстауға тәрбиелеу

Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Шырша» өлеңі

Мақсаты: Өлеңді оқу, өлең мазмұнымен таныстыру. Шыршаның мәңгі қысы, жазы бір түсте болатындығын айтып өту. Шырша туралы толық мағлұмат беру, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Жаратылыстану-

Тақырыбы: «Жаңа жылым тамаша»

Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі ен қызықты, отбасылық мереке екенін балаларға түсіндіру. Жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылығын арттыру.

Сенсорика

Тақырыбы: «Шырша бізге қонаққа келді»

Мақсаты: Балаларға көңілді шеңбер бойымен жүруді үйрету; әртүрлі түстегі ойыншықтардың (көлемін түр пішінін) шыршаға дұрыс орналастыра білу дағдыларын дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.

Сурет салу

Тақырыбы:

«Шырша ойыншықтары»

Мақсаты: Жаңа жыл шыршасына арналған ойыншықтарды бояй білуге үйрету. Эстетикалық талғамын арттыру. Қылқаламды дұрыс ұстай білу ептілігін дамыту.

Аппликация

Тақырыбы: «Жаңа жылдық шырша»

Мақсаты: Жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру. Дайын шырша бейнесін кеңістікті дұрыс орналастыруға үйрету. Талғампаздыққа баулу. Ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Музыка: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Қол ұстасып, шеңбермен жүре білу дағдыларын дамыту.

«Қысқы ойындар» Ш-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: « Бір екі үш жүреміз» Мақсаты:Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүруді меңгерту . Белгіленген жерге дейін еңбектеу қабілеттерін дамыту. Еңбектеуге жаттықтыру, кимыл үйлесімділігін дамытуды жалғастыру 2.Тақырыбы: «Допты лақтырайық» Мақсаты:Белгіленген жерге дейін еңбектеуге жаттықтыру. Допты қос қолдап торға лақтыруға машықтандыру. Қол бұлшық еттерін нығайту 3.Тақырыбы: «Тақтай үстімен жүрейік» Мақсаты: лақтыру тәсілін үйретуді жалғастыру, допты дұрыс алу, колдарын тез жазу білігін дамыту. Кішкентай қапшықты төбесіне қойып,тақтай үстімен жүруді үйрету.Дене тепе-теңдігін сақтауға үйрету	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Алақай ойнаймыз» (сурет бойынша әңгіме құрастыру) Мақсаты:Балаларды сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Жетелеуші сұрақтар беру арқылы ой өрісін дамыту.Ойындық және тілдік бірлескен әрекетке тарту. Қызығушылықтарын тудыруға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс бізді шынықтырады» Мақсаты:Балаларды шынығудың мәні және тәсілдерімен қысқы қызықтарымен, көңілді ойындармен таныстыру.Қыс маусымынан қуаныш сезімін ала білуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы:«Шана» Мақсаты:Балаларға қысқы ойындар туралы түсіндіру.Текшелермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыра отырып, шананы құрастыра білуге үйрету. Танымдық қабілетін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларды қылқаламмен шеңберлер салуға үйрету.Шеңбердің кеңістікте дұрыс орналасуын және қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Эстетикалық талғамын қалыптастыру. Музыка: «Қысқы ойындар» Мақсаты: Қаланың қысқы көрінісін сипаттау. Ересектермен бірге ән салуға дағдыларын жетілдіру.
---	---	---	---	---

«Қыстап қалған құстар»
IV апта

Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Еңбектейік ерінбей» Мақсаты: қапшықты төбесіне қойып тақтай үстімен жүру тәсілін үйретуді жалғастыру. Арқанның астынан еңбектеп өту біліктерін бекіту, аяқ бұлшық еттерін дамыту 2.Тақырыбы: «Дөңгеленіп жүгірейік» Мақсаты: Қозғалыс бағытын сақтап, еңбектеуге үйретуді жалғастыру. Шеңбер бойымен дөңгеленіп жүгіруге жаттықтыру, жеңіл әрі ырғақты жүгіру білігін бекіту. 3.Тақырыбы: « Жүгіру тәсілін үйретуді жалғастыру». Мақсаты:Құм салынған қапшықты 50см жоғарырақ қойылған жәшікке лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Қолын екпінді түрде жазу білігін дамыту. «Көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құстардың қысқы тіршілігі» Мақсаты:Қыс мезгіліндегі құстардың тіршілігі туралы сурет арқылы әңгімелеуге үйрету. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы:«Қанатты достар» Мақсаты:Қыстайтын құстармен таныстыру (торғай, қарға, көгершін). Балалардың қыс мезгіліндегі құстардың тіршілігі, дағдылары, қорегі туралы білімдерін кеңейту. Сенсорика Тақырыбы:«Құстар біздің досымыз» Мақсаты:Балаларға үлкен және кіші құстарды салыстыруға үйрету.Ойлау қабілеттерін жетілдіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Құстың ізі» Мақсаты:Кеністікті бағдарлай отырып үзік сызықтар арқылы құстың ізін салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы:«Құстарға жем пашайық» Мақсаты:Ермексазды шымшып,үзіп алу әдісін бекіту және домалақ жұмыр мүсін туралы мағлұмат беру,ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін үйрету. Музыка : «Қыстап қалған құстар» Мақсаты: Жаңа жыл туралы мағлұмат беру. Жаңа жыл туралы әндерді айтқызып,шыршаны айналып жүргізу.Жаңа Жыл мерекесін қарсы алуды білу.
---	--	--	--

Қаңтар айы
Өтпелі тақырып: «Дені саудың – жаны сау»

Мақсаты: Баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, көшеде, тұрмыста, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық, сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіру.

Апта тақырыбы	«Денсаулық»-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5
«Менің күн тәртібім» I-апта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Қонжық болып ойнаймыз» Мақсаты: Ирелендеген жолмен жүру және түзу бағытта (биіктігі 10-5 см) заттарды аттап өту дағдыларын қалыптастыру, қимыл үйлесімділігін, ептілікті дамыту 2.Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: Түзу бағытта (10-15см) заттарды аттап өтуге жаттықтыру. Допты жоғары лақтыруды, сенсомоторлық «көз–қол» кеңістіктік үйлесімділікті жетілдіру. 3.Тақырыбы: «Арқан үстімен жүрейік» Мақсаты: Допты жоғары лақтыру тәсілдерін қайталату. Жерде жатқан арқан үстімен түзу жүру біліктерін бекіту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тазалық – таза баланың досы» Мақсаты: Балаларды тазалық бұйымдарымен таныстыру. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып екі-үш сөзден тұратын сөйлем құрауға үйрету. Таза жүруге баулу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен тазалықты сүйемін» Мақсаты: Балаларға тазалық туралы түсінік бере отырып, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Сабын» Мақсаты: Тазалық бұйымдарымен таныстыру. Екі бөліктен тұратын текшеге бейнеленген сабынды құрастыруға үйрету. Балаларды таза жүруге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлейміз» Мақсаты: Сүлгіні сұлбасын салып әсемдеуге үйрету. Саусак әдісін пайдалана отырып негізгі түстермен (қызыл, жасыл, сары, көк) сурет салуға жұмыстануын қалыптастыру. Бастаған ісін аяғына дейін аяқтап, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка: «Менің күн тәртібім» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту

« Мен және дене мүшелерім» Папта	Дене шынықтыру 1.Тақырыбы: «Доп» Мақсаты:Допты бір қолмен онға, солға лақтыруға үйрету, доптың ұшу жолын дұрыс бағыттау, доптың артынан қолын жазу білігін қалыптастыру. (арақашықтығы 50см) Ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүруге дағдыландыру. 2.Тақырыбы: «Кел секірейік» Мақсаты:Ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүру тәсілін қайталату. Шығыршықтың ішіне қос аяқпен секіру барысында екі аяқпен бір мезгілде екпінді түрде итерілу білігін бекіту. 3.Тақырыбы: «Кегельдер арасымен жүгіру» Мақсаты: Шығыршық ішіне секіруге жаттықтыру. Кегельдер арасымен жүгіру дағдыландыру, кимыл үйлесімділігін дамыту	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің дене мүшелерім» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты:Балаларға өз дене мүшелерін танып, ажырата білуге үйрету. Тіл байлықтарын дамыту, өз ойларын білдіруге баулу. Өз денсаулықтарын күтуге , салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	Жаратылыстану- Тақырыбы: «Өзіңді таны» Мақсаты:Өз дене мүшелерінің құрылысымен таныстыру, олардың өз атауы бар екенін білу, айтып ажыратуға үйрету. Балаларды жастайынан өз денсаулықтарын күтуге, салауатты өмір сүруге баулу. Сенсорика Тақырыбы: «Дәрігер» ойыны Мақсаты:Адамның дене мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Мынау не? сұрағына жауап беруге дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің бейнем» Мақсаты:Балаларды өз дене мүшесін (шашты) толқын тәрізді ирек сызықтар арқылы бейнелей білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы: «Дене мүшелері» Мақсаты: Қиып алынған дене мүшелерін кеңістікті бағдарлап дұрыс жапсыруға үйрету. Музыка: « Мен және дене мүшелерім» Мақсаты: Әуен сазынан қыс көріністерін естіп, білуге, оны кимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.Әннің тез –жәй ырғағын ажырата білу.
---	--	---	---	---

Дене шынықтыру

1.Тақырыбы:

«Еңбектейік ерінбей»

Мақсаты: Гимнастикалық таяқшадан секіруге жаттықтыру. Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеуге үйрету. Алақан мен тізеге тіреп еңбектеген кезде қол мен аяқтың қимылын үйлестіруге үйрету, қол мен аяқ қимылын үйлестіру білігін жетілдіру.

2.Тақырыбы:

«Қонжықпен жүгірейік»

Мақсаты: Еңбектеген кезде қол мен аяқтың қимылын үйлестіруге үйрету, Қосақтасып жүгіруге дағдыландыру, алда келе жатқан балаға соқтығыспауға үйрету..

3.Тақырыбы: «Әдемі жүгірейік»

Мақсаты: Жүгіру білігін жетілдіру. Ұсақ заттарды (шарды) 1м қашықтыққа лақтыруды үйрету.

Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы:

«Шуақты күннің көзі» (сурет бойынша әңгімелеу)

Мақсаты: Жер бетіндегі тіршілік үшін күннің көзінің қажеттілігі туралы түсінікті қалыптастыру, күннің көзіне қуана білуге баулу. Ауыз -екі сөйлеу тілдерін дамыту.

Жаратылыстану Тақырыбы: «Судың пайдасы»

Мақсаты: Адам денсаулығына судың пайдасы туралы мағлұмат беру. Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру.

Құрастыру

Тақырыбы: «Күн сәулесі»

Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету. Екі бөліктен тұратын күннің суреті бейнеленген текшені кеңістікте дұрыс орналастыра отырып, құрастыра білуге үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Сурет салу

Тақырыбы: «Шағылысқан күн сәулесі»

Мақсаты: Балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Музыка: «Күн, су, ауа – біздің достарымыз»

Мақсаты: Музыка ырға-ғына сәйкес жануар-ларға тән қимыл-қозғалысты бере білуге талпындыру. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтауда мұқият болу

Дене шынықтыру
1.Тақырыбы: «Айна қуыршақпен арқан үстімен жүру»

Мақсаты: Доптарды себетке лақтыруға жаттықтыру. Айна қуыршақпен арқан үстімен жүруге дағдыландыру.

2.Тақырыбы: «Кел секірейік»

